06.10.2025 жыл № 6

Конкурсты ұйымдастырушы:
«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі

02.10.2025 жылғы №15401006-ОК1 қорытындылар хаттамасына шағым

Конкурстың атауы "Жылыой ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" ММ үшін мемлекеттік сатып алу, №15307730-ОК1 конкурсы бойынша 02.10.2025 жылғы №15401006-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес барлық төмендегі жарияланған (6) лоттар: 79379613-ОК1, 79379589-ОК1, 79877601-ОК1, 79379686-ОК1, 79379642-ОК1, 79379503-ОК1 бойынша "SK QAZAQSTROY" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз деп танылған.

Алайда, ол серіктестіктің конкурстық құжаттамасында еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі себепті оның өтінімі Конкурсқа қатысудан бас тартылуы тиісті және 02.10.2025 жылғы №15401006-ОК1 қорытындылар туралы хаттаманың күшін жойып, қайта қарауды талап етемін.

Атап айтқанда, "SK QAZAQSTROY" ЖШС аталған конкурсқа еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде ЕҚмҚ жөніндегі маман (білімін тексеру туралы хаттама және сертификат түріндегі растайтын құжаты бар еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға жауапты) маманы ретінде Жумашев Даниль құжаттарын ұсынған.

Яғни, «West Training Service» ЖШС-нің (директоры – Ергалиев Е.Б.) 19.03.2025 жылғы Жумашев Данильдың білім деңгейін тексеруден өткендігі туралы №1756 хаттамасы, куәлігі және тіркеу №4167 Сертификатын ұсынған. Осы аталған 3 құжаттар «West Training Service» ЖШС-нің **мөрімен** расталып, бекітілген. Аталған мөрде: Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, жауапкершілігі шектеулі серіктестігі/ Республика Казахстан, г.Атырау, товарищество с ограниченной ответственностью/ West Training Service, для протоколов, сертификатов и удостоверений, БИН **081240015274** – деп көрсетілген.

Алайда, egov.kz Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі порталы және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің kgd.gov.kz сайты арқылы жоғарыдағы **081240015274** БИН туралы ақпараттарды сұрау салғанда **ол БИН "СЕФТЕК Глобал Тренинг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі** екендігі және қайта тіркеуден өтпегендігі, серіктестік атауын өзгертпегендігі, басшысы Нысанбаева Алма Муратовна екендігі анықталды.

Сондықтан "SK QAZAQSTROY" ЖШС-мен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға жауапты маман ретінде Жумашев Данильдың атына конкурсқа ұсынған «West Training Service» ЖШС-нің 19.03.2025 жылғы №1756 **хаттамасы**, **куәлігі** және тіркеу №4167 **Сертификатының** растығы мен сенімділігі (достоверность) үлкен күмән туғызады.

Жоғарыдағы айтылғандар негізінде **аталған 081240015274** БИН туралы тиісті мемлекеттік органдардан egov.kz және kgd.gov.kz сайттары арқылы сұрау салуды, тиісті органдарға жолдауды, қорытындысымен "SK QAZAQSTROY" ЖШС-мен еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде ұсынылған құжаттарында сәйкес келмеуі (сәйкессіздіктер анықталуы) себепті оның өтінімі Конкурсқа қатысудан бас тартылуы тиісті және 02.10.2025 жылғы №15401006-ОК1 қорытындылар туралы хаттаманың күшін жойып, қайта қарауды және аталған конкурстың жеңімпазы деп "Капрем СНИБ" ЖШС-гін тануды талап етемін.

«AKV» жеке кәсіпкері **А.В.Хасан**